



ХҒТАР 14.15.41

А.І.Айберген¹, А.И. Ахметова²,
Ұ.Ш.Жамирова³, Е.Е.Омарбеков⁴, К.О.Оразбаева⁵

^{1,4}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

⁵Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, Қазақстан
(E-mail: ¹Ai-iliyas@mail.ru, ²aig.31@mail.ru, ³zhamirova_1978@mail.ru,
⁴ersher@mail.ru, ⁵guldarhan-711@mail.ru)

Оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын алудағы әлеуметтік-педагог жұмысының ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада 6B01801 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау» білім беру бағдарламасының мазмұнына «Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» атты оқу пәнін қосу арқылы тұлғаның суицидтік мінез-құлқының алдын-алу бойынша жүргізілген жұмыстардың мазмұны берілген. Атқарылған жұмыстың тиімділігін бағалау нәтижелері «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде суицидтің әлеуметтік-педагогикалық алдын алу проблемаларын шешуге ғылыми үлес қосуға мүмкіндік берген. Ұсынылып отырған пәннің мақсаты – жеке тұлғаның суицидтік мінез-құлқын алдын-алу бойынша жүйелі білімі мен дағдылары бар, балалар мен жасөспірімдер арасында суицид мәселесін зерттеумен байланысты міндеттерді заманауи ғылыми-практикалық, шығармашылық және жоғары кәсіби деңгейде шеше алатын болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау.

Түйін сөздер: әлеуметтік-педагог, өз-өзіне қол салу, күйзеліс, психопатологиялық синдром, метапатология, өмірдің мәнін жоғалту, суицидтік мінез-құлық, аутодеструктивті мінез-құлық, парасуицид.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-13-23>

Кіріспе

Соңғы жылдары адамдардың өз-өзіне қол салу фактілерінің жиілеп бара жатқаны байқалуда. Әсіресе көпшілікті алаңдатып отырған «суицид» деп аталатын осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл

қағарлық жағдай. Суицидтік мінез-құлық – кең мағыналы түсінік, суицидтен басқа, суицидтік қастандық, суицидке талпыныс пен көріністерді қамтитын ұғым. Соңғы 15-20 жылда балалар мен жасөспірімдер арасында өзін-өзі қол жұмсау санының өсімі ерекше үрей туғызады. Бүкіл әлемдік денсаулық

сақтау ұйымының жергілікті бюросының мәліметтері бойынша соңғы 15 жылда 15-24 жастағылардың өзіне-өзі қол жұмсау саны 2 есеге өсті және экономикалық дамыған мемлекеттерде өлім-жітімнің басты себептерінің қатарында суицид 2-3 орында тұр [1, С.67-76]. Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алудағы әлеуметтік-педагог жұмысының ерекшеліктері қандай? «Өз-өзіне қол жұмсау» ұғымының мәні неде? Әлеуметтік психология және педагогика саласында осы мәселені зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері қандай? Осы сауалдарға тоқталайық.

Өз-өзіне қол жұмсау немесе суицид - бұл күрделі және екіұшты құбылыс, оның шекаралары мен анықтамаларын жасау оңай емес. Алғаш рет «суицид» сөзі (лат. *Sui caedere*-өзін өлтіру) 1641 жылы ағылшын дәрігері және философы Томас Браун (1605-1682) «дәрігердің діні» кітабына енгізген. Орыс тілінде «суицид» термині 1704 жылы Федор Поликарпов-Орлов құрастырған «Үш тілді лексикада» пайда болды [2].

Әр түрлі өлшемдерге негізделген суицидтің көптеген анықтамалары бар. Өзіне-өзі қол жұмсаудың негізін қалаушы Э.Дюркгеймнің анықтамасы классикалыққа жатады [3].

Сонымен қатар, тағы бір классикалық анықтаманы М. Фарбер берді: «Суицид – бұл саналы, қасақана және тез өмірден қол үзу» [4]. Беделді Ресейлік суицидологтар А. Амбрумова мен В. Тихоненко да суицидті «қасақана өмірден қол үзу» деп анықтайды [5]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) 2001 жылғы «психикалық денсаулық: жаңа түсінік, жаңа үміт» баяндамасында өзін-өзі өлтіру «белгілі бір адамның саналы іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады» [6].

ДДСҰ мәліметтері бойынша жыл сайын 800 000-нан астам адам өз-өзіне қол жұмсайды (өз-өзіне қол жұмсау жиілігі 100 000 адамға 10,5, ерлер үшін 15,0 және әйелдер үшін 8,0) [7], бірақ сарапшылардың көпшілігі бұл көрсеткішті өте төмен деп санайды. Қолда бар мәліметтерге сәйкес, өз-өзіне қол жұмсаған әрбір адамға 20 суицидтік әрекет жасалады, бұл суицид әрекеттері маңызды болып қала береді дегенді білдіреді.

Міндеттердің қойылуы

Халықаралық зерттеулерде өзіне-өзі қол жұмсаумен аяқтау құбылысы үшін бұрын қолданылған әрекеттер нақты дайындалған суицидалдық әрекеттердің ең айқын көрсеткіштері болып табылатынын немесе адамның өзінің суицидтік әрекетін қалай болғанда да іске асыратынын анықталды.

Өкінішке орай, Қазақстанда балалардың суицидтік мінез-құлқын тудыратын факторлар туралы жүйеге келтірілген аз ғана ақпарат пен деректер бар. Қолда бар ақпараттың көп бөлігі өзіне-өзі қол жұмсаған құрбандардың кейбір істерінен ойып алынған қысқаша ақпараттарға, балалар суицидінің себептері туралы аңыздар мен болжамдарға негізделген.

Біріншіден, балалар суицидінің себептерін анықтайтын статистика жоқ, аталған мәселені шешудің кілті – нені іздеу қажеттігін білу [8]. Екіншіден, балалар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің себебінің бірі – өзіне назар аударту болып табылады деген кең таралған пікір. Ал шындық – балалардың суицидтік мінез-құлқының негізгі себебі өлсем деген ниет және үмітсіз жағдайдан немесе қатал, ауыр жан күйзелісінен қашып құтылу болып табылады. Балалардың ең аз бөлігі ғана назар аударту үшін өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттеріне барады [9].

Сондықтан да қысқаша ақпараттың жеткіліксіздігі оның жүйелі және ғылыми негізде болмауында. Қысқаша ақпарат фактілер мен мұқият зерттеулерге негізделмегендіктен сенімсіз және дәйексіз.

Жоғарыда келтірілген өзіне-өзі қол жұмсау мәселесінің маңыздылығын түсіне отырып, аталған мәселенің көп жағдайда психологиялық тұрғыдан қарастырылып жатқандығына көз жеткіздік. Әрине бұл мәселенің психологиялық қырлары өте күрделі, дегенмен де аталмыш мәселенің әлеуметтік қырларының бар екендігінде көз жеткіздік. Осы тұрғыда әлеуметтік педагогтарды даярлауда «Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» атты оқу құралын 6В01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын дайындау ББ (білім беру бағдарламасына)

сәйкес әзірленді. Жоғары мектепке арналған Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» оқу пәнін әлеуметтік педагогтарды дайындау бойынша оқу жоспарының таңдау курсы модуліне элективті курс ретінде енгізілді. Ұсынылып отырған элективті таңдау пәні Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтының «Мектепке дейінгі білім беру, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламалары» бөлімінде, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасында тәжірибеден өткізілген.

Осы оқу құралының «Оқушылардың суицидтік мінез-құлқының теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде суицидтік мінез-құлықтың мән-мағынасы қарастырылады. Суицидтік мінез-құлық адамдар іс-әрекетінің түрлі формаларымен сипатталады:

- 1) өмірден қол үзу ниетімен байланысты;
- 2) адам өзінің аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаған жағдайда туындаған жеке дағдарысты шешу құралы ретінде қарастырумен байланысты;
- 3) қалыптасқан қиын өмірлік жағдайдан шығу жолын дұрыс таңдалмауына байланысты;
- 4) өмірдің мәнін жоғалтумен байланысты және т.б.

Ішкі көріністер: суицидтік мінез-құлық – суицидтік ойлар, өлім тақырыбындағы қиялдар («ұйықпай оянбау....», «егер менде бірдеңе болса, мен өлер едім.....»);

- суицидтік ниеттер: өз-өзіне қол жұмсау тәсілдерін ойластыру, оның уақытын таңдау;
- өзіне-өзі қол жұмсау ниеті: ниетке ерікті компонент қосылады, адам өзін іс-әрекетке дайындайды.

Суицидтің сыртқы көріністері:

- мінез-құлық – суицидтік әрекеттер - өзін-өзі өлтірумен аяқталмайтын суицидке бағытталған мінез-құлық әрекеттері;
- аяқталған суицид: әрекеттер адамның өлімімен аяқталады.

Танымдық теориясы шеңберінде суицид белгілі бір «танымдық бұзылыстың» нәтижесі ретінде қарастырылады - санадан ауыр

тәжірибені алып тастау арқылы шындықтан қашу (оның психикалық қорғанысы арқылы: ығыстыру және т.б., уақытша кеңістікті бұрмалау; болашаққа мақсат қоюдан және проблемаларды сындарлы шешуден бас тарту).

3. *Фрейд мектебі (ішкі белсенділік)* - адамның суицидтік мінез-құлқы:

- сыртқы агрессияның ерекше көрінісі;
- субъектінің сыртқы әлемге теріс қатынасы;
- сырттан келетін қарама-қайшы ұмтылыстардың соқтығысуының нәтижесі;
- Супер-Эго немесе Мен (әлеуметтік тыйымдар мен нормалар).

Henry & Short мектебі (1954) – суицидтік мінез-құлықтың ішкі және сыртқы детерминанттарын қарастырады, егер адам өз проблемалары үшін өзін кінәлі деп санаса, онда өзіне шабуыл жасауы мүмкін.

Stengel & Cook мектебі – адамның суицидтік мінез-құлқын түзетуде ең бастысы өзінің өмірлік проблемаларына назар аудару қажеттілігін зерттейді.

А.Г.Амбрумованың тұжырымдамасында «суицид» қақтығыс жағдайындағы адамның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің салдары ретінде қарастырылады [9]. Осыған орай, бейімделу объективті түрде көрінеді, мысалы, мінез-құлықтың өзгеруі байқалады. Суицидке бейімділік субъективті түрде әртүрлі психоэмоционалды өзгерістерде көрінеді: жағымсыз тәжірибелер барысында (мазасыздық, жүрек ауруы, реніш, ашулану және т. б. клиникалық айқын психопатологиялық синдромдар).

Қазақстандағы балалар суицидін зерттеу үшін балалардың өзіне-өзі қол жұмсауы мен сондай әрекеттер жасау үшін пайдаланылатын әдістерге сандық-сапалық сипаттама жүргізілу керек. Сонымен қатар, осы саладағы зерттеулердің суицид әдістеріндегі гендерлік жас айырмасын зерттеу маңызды. Мұндай ақпарат тиісті бағдарламаларды әзірлеуге және оларды жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық жұмыстарды пысықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы балалар суициді құбылысына қарсы әрекет ету бойынша ұлттық ста-

тистикалық жүйесі қажет. Бұл жүйе барлық әкімшілік деңгейлерді (аудан- облыс), сонымен қатар ауылдық жерлер мен қалаларды қамтуға тиіс. Осы орайда оқушылардың өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін бақылау, бағалау жүйесінің бөлімдері болып табылатын түрлі бақылаушы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың рөлдерін анықтау қажет.

Сондықтан, ұсынылып отырған пәнді енгізу бойынша нәтижелерін бағалау жұмысы жүйелі, іс-әрекеттік әдіснамалық сипатта болуы тиіс [10]. Оқу пәнін енгізу нәтижелерін зерттеу барысында қолданылған әдістер бір-бірін толықтыратын және зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін растайтын өлшемдер және әдістер жүйесін қолдану қажет екенін білдіреді.

Болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлаудың білім беру бағдарламасына пәнді енгізудің нәтижелілігін зерделеу мынадай өлшемдерді бағалауды көздейді:

- жеке тұлғаның дамуындағы аутодеструктивті фактор ретінде метапатологияның алдын алуда жалпыадамзаттық құндылықтардың маңыздылығы туралы ғылыми фактілерді білу;

- оқушылар арасында суицидтің алдын алу үшін педагогтердің жалпыадамзаттық құндылықтарды өмірде қолдану маңызын түсіну;

- жасөспірімдер арасында кездесетін күрделі өмірлік және күйзеліс жағдайларын талдау;

- жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын алдын алу мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар тәжірибесі бойынша әдістемелік ұсыныстарды қолдану;

- стресс-менеджменттің бейімделген бағдарламасын (К.Решке, Г.Шредер) игеру, оқушылардың күйзеліске төзімділігін дамыту бағдарламасын әзірлеу.

Сонымен, оқушылар арасында суицидтің алдын-алу бойынша жұмыстарға әлеуметтік педагогтарды дайындау мақсатында пәнді енгізу нәтижелерін диагностикалау әдістемесін әзірлеу оның объективті, тәуелсіз сипатын қамтамасыз ететін бірқатар қызметтерді орындауға ықпал етеді:

- 1) Кері байланыс қызметі. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі жетілдіру про-

цесі туралы ақпарат қажет. Бұл оқушылардың жеке тұлғасы дамуындағы аутодеструктивті фактор ретіндегі метапатологияның алдын-алудағы жалпыадамзаттық құндылықтардың маңыздылығы туралы ғылыми фактілерді білуде жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді [11].

- 2) Мектеп оқушылары арасындағы суицидтің алдын-алу бойынша болашақ педагогтардың білімін жетілдіруде жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін түсіндіру қажет.

- 3) Оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында күрделі өмірлік және стресстік жағдайларды талдауға бағытталған Соқраттық диалог әдісіне (Логотерапия теориясы, К.Роджерстің гуманистік психологиясы) негізделген аналитикалық қызмет қажет [6].

- 4) Оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар практикасы бойынша әдістемелік ұсыныстарды, сондай-ақ жағымды ойлауды дамыту бойынша практикалық ұсыныстарды қолданудағы болашақ әлеуметтік педагогтардың іс-әрекетін болжайтын тәрбиелік-ынталандыру қызметі қажет.

- 5) Бейімделген стрессменеджмент бағдарламасын (К.Решке, Г.Шредер) болашақ әлеуметтік педагогтардың игеру жұмысын ұйымдастыру және оқушылар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу факторы ретінде олардың күйзеліске төзімділігін дамыту қызметі қажет [12].

- 6) Ақпараттық болжам жасау қызметі болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі жетілдірудегі диагностикалық нәтижелерді синтездеу негізінде әдістер сызбасын қолдана отырып, мониторинг нәтижелері туралы, сондай-ақ зерттелетін мәселенің даму перспективасын болжау туралы ақпараттандыру қызметі қажет.

Зерттеу әдістері

Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі жетілдіру бағдарламасының нәтижелерін зерттеуге қойылатын негізгі талаптар:

- енгізу нәтижелерін бағалау өлшемдер жүйесін құру;

- енгізу нәтижелерін зерттеу үшін диагностикалық әдістерді анықтау;

- психодиагностика, педагогикалық диагностика, әлеуметтік диагностикада тұжырымдалған және әзірленген негізгі тәсілдерді есепке алу.

Іске асыру нәтижелерін терең зерттеу үшін әзірленген бағалау өлшемдерін ескере отырып, әдістер сызбасын жасадық. Бұл әдістерді белгілі бір алгоритм ретінде қарастыруға болады (1-кесте).

Нәтижелері

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және Психология институтының «Мектепке дейінгі білім беру, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедраларында тәжірибеден өткізіліп, «6B01801-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын

Кесте-1 – «Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» пәнін енгізу нәтижелерін зерттеу әдістерінің сызбасы

№	Енгізу нәтижелерінің өлшемдері мен көрсеткіштері	Енгізу нәтижелерінің көрсеткіштері	Зерттеу әдістері
1	Жеке тұлғаның дамуындағы де-структивті фактор ретінде мета-патологияның алдын алу да жалпыадамзаттық құндылықтардың маңыздылығы туралы ғылыми фактілерді білу.	Жалпыадамзаттық құндылықтардың маңыздылығын түсіну.	Педагогтардың жалпыадамзаттық құндылықты түсіну бойынша сараптамалық бағалау әдісі: «Суицидентпен профилактикалық әңгіме жүргізу әдістемесі», «Өмір құндылығы» (А.И.Ахметова)
2	Болашақ әлеуметтік педагогтардың жалпыадамзаттық құндылықтарды мектеп оқушылары арасында суицидтің алдын алу негізі ретінде түсінуі.		
3	Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу мақсатында күрделі өмірлік (КӨЖ) және күйзелістік жағдайларды (КЖ) талдау.	КӨЖжәнеКЖталдау, қолдану және бағалау білігі	Күрделі өмірлік жағдайларға төтеп беруге дайындық деңгейін диагностикалау (Е.В. Мишурина-ская) «Күрделі өмірлік жағдайдан шығу жолын іздеу» әдістемесі (А.И.Ахметова)..
4-6	Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу мақсатында позитивті ойлау қабілетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстарды қолдану. Болашақ әлеуметтік педагогтардың бейімделген стресс-менеджмент бағдарламасын (К.Решке, Г.Шредер) игеру нәтижелерін бағалау, синтездеу және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу факторы ретінде күйзеліске төзімділікті дамыту.		Позитивті ойлау қабілетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстардың орындалуын бағалау әдістемесі (К.Решке, А.Гарбердің неміс бағдарламасының стресс-менеджмент теориясы негізінде әзірленген) (А.И.Ахметованың модификациясында). Созымалы күйзелісті анықтауға арналған Лейпциг жедел-тесті (КЛЖТ, авторлар: К.Решке, Г.Шредер А.Гарбердің бейімделуінде, Л. Карапетян).

даярлау» мамандығының білім беру бағдарламасына «Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері», «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстағы стресс-менеджмент» атты жаңа оқу элективті пәндерін енгіздік. Күйзеліске байланысты шиеленіс көрсеткіштерін өлшеу әртүрлі психикалық бұзылыстарды диагностикалауда қолданылады. Лейпциг жедел-тестін қолдану арқылы созылмалы күйзелісті анықтау LKCS (бұдан әрі-КЛЖТ) әдістемесін созылмалы күйзелістің 7 көрсеткішін өлшеуге мүмкіндік береді. Бұл күйзелістің пайда болу және оны жеңу жағдайларының негізгі аспектілері жеке адам мен қоршаған ортасының өзара әрекеттесуі аясында қарастырылады. Тест 16 жастан 60 жасқа дейінгі респонденттерге арналған. Тесттің жалпы мәнін анықтау үшін оның барлық 7 көрсеткішінің нәтижелерін бағалау бойынша мәліметті қосу қажет. 7 көрсеткіш бойынша жинаған 18 ұпай - бұл күйзелістің жоғары деңгейін көрсететін мөлшері. Тесттің дұрыстығын тексеру барысында оның ішкі сәйкестігі анықталған (Кронбах коэффициенті $\alpha = 0,7433$). Тренинг бағдарламасы салютогендік және мінез-құлықтық теориясына (А.Антоновский) негізделген. Салютогенез моделін израильдік медициналық әлеуметтанушы, стрессті зерттеуші Аарон Антоновский 70-ші жылдары тұжырымдаған. Стресстік жағдайлардың әсеріне қарамастан, адам психологиялық және соматикалық сау болып қалуы мүмкін. Мысалы, ғалымның зерттеу бойынша, концлагерьлерден өткен адамдар өздерінің психологиялық денсаулығын сақтап қана қоймай, бақытты бола алады екен.

КЛЖТ скринингтік тест ретінде жасалынған, онда 7 көрсеткіштік компоненттерді зерттеуге болады:

- өз-өзін бақылауын жоғалту,
- өмірдің мән-мағынасын жоғалту,
- жағымсыз эмоциялар (ашу, наразылық, көңілсіздік),
- ұйқының бұзылуы және онымен бірге жүретін психосоматикалық ескерту сигналдары,

- демалуға қабілетсіздік,
- эмоционалды тұрғыдан жағымсыз және созылмалы қиын өмірлік жағдайға түсу мен әлеуметтік-эмоционалдық қолдаудың болмауы оқушыларды күйзеліске алып келеді.

Бұл 7 көрсеткіш бойынша алынған мәлімет күйзеліске ұшыраған адамның қауіпсіздігін арттыратын жеке ресурстары болып табылады. 7 көрсеткіш бойынша алынған нәтиже суицидтік мінез-құлықты болжауға және күйзелісті сәтті жеңуге мүмкіндік береді.

Созылмалы күйзелісті анықтаудың жоғарыда аталған көрсеткіштерін ескере отырып, неміс зерттеушісі Лейпциг университетінің психология ғылымының докторы, профессор Конрад Решке «Күйзелісті оптимизммен басқарыңыз!» еңбегінде психо-профилактикалық әдістер мен ұсыныстарды тұжырымдайды. Оқу пәнін енгізу барысында осы элективті курсының болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі жетілдіру деңгейіне әсерін анықтадық.

Тәжірибелік топқа Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 27 студенті, ал бақылау тобында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 22 студенті қатысты. Тәжірибелік жұмысты жүргізуге 3-4 курс студенттері қатысқан.

Қалыптастырушы тәжірибе барысында «Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» тақырыбында курс өткізілгеннен кейін біз диагностикалық жұмыстың нәтижесін талдадық және зерттеу нәтижелеріне статистикалық өңдеу жүргіздік (кесте - 2).

Қалыптастырушы тәжірибеге дейін және кейін пәнді енгізу нәтижелерінің динамикасын бақылау үшін Г.А.Наседкинаның (1) формуласын (динамикалық қатарлардың келесі көрсеткіштерін) пайдалануды ұсынамыз:

$$Ом_{(орташа\ мәні)} = (1a+2b+3c): 100 (1)$$

Мұнда, Ом - пәнді енгізу нәтижелерінің өсуін сандық бағалауды көрсететін орташа мәні; а, в, с – барлық диагностикалық әдістемелерді орындау нәтижелілігінің төмен, орташа, жоғары деңгейлеріндегі респонденттердің пайызбен көрсетілген саны, «1», «2»,

Кесте-2 - «Оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» пәнін енгізу нәтижесінің көрсеткіштері

Анықтау және бақылау тәжірибесі кезеңіндегі зерттеу нәтижелері											
Бақылау тобы						Тәжірибелік топ					
№	Пәнді енгізудің нәтижелерінің көрсеткіштері мен өлшемдері					№	Пәнді енгізудің көрсеткіштері мен өлшемдері				
	Тәжірибенің басы						Тәжірибе соңы				
	Жеке тұлғаның дамуындағы деструктивті фактор ретінде метапатологияның алдын-алуында жалпыламазаттық құндылықтардың маңыздылығы туралы ғылыми фактілерді білу. Жалпыламазаттық құндылықтардың маңыздылығын түсіну. Педагогтардың жалпыламазаттық құндылықты түсінуін сараптамалық бағалау әдісі: «Суицидтің профилактикалық әңгіме жүргізу әдістемесі» профилактикалық әңгіме өткізу процесіндегі «Өмір құндылығы» (А.И. Ахметова) 2-кестені қараныз)						Жеке тұлғаның дамуындағы деструктивті фактор ретінде метапатологияның алдын-алуында жалпыламазаттық құндылықтардың маңыздылығы туралы ғылыми фактілерді білу. Жалпыламазаттық құндылықтардың маңыздылығын түсіну. Педагогтардың жалпыламазаттық құндылықты түсінуін сараптамалық бағалау әдісі: «Суицидтің профилактикалық әңгіме жүргізу әдістемесі» профилактикалық әңгіме өткізу процесіндегі «Өмір құндылығы» (А.И. Ахметова) 2-кестені қараныз)				
	Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу мақсатында күрделі өмірлік (КӨЖ) және стресстік жағдайларды (КЖ) талдау. Қиын өмірлік жағдайларға төтеп беруге дайындық деңгейін диагностикалау (Е. В. Мишуриная, 3-кестені қараныз). «Күрделі өмірлік жағдайдан шығу жолын іздеу» әдістемесі (А.И.Ахметова, 4-кестені қараныз).						Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу мақсатында күрделі өмірлік (КӨЖ) және стресстік жағдайларды (КЖ) талдау. Қиын өмірлік жағдайларға төтеп беруге дайындық деңгейін диагностикалау (Е. В. Мишуриная, 3-кестені қараныз). «Күрделі өмірлік жағдайдан шығу жолын іздеу» әдістемесі (А.И.Ахметова, 4-кестені қараныз).				
	Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу мақсатында позитивті ойлау қабілетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстарды қолдану. Позитивті ойлау қабілетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстардың орындауын бағалау әдістемесі (К.Решке, А.Гарбер немес бағдарламасының стресс-менеджмент теориясы негізінде әзірленген) (А.И.Ахметованың модификациясында 5-кестені қараныз).						Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу мақсатында позитивті ойлау қабілетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстарды қолдану. Позитивті ойлау қабілетін дамыту бойынша практикалық ұсыныстардың орындауын бағалау әдістемесі (К.Решке, А.Гарбер немес бағдарламасының стресс-менеджмент теориясы негізінде әзірленген) (А.И.Ахметованың модификациясында 5-кестені қараныз).				
	Педагогтардың бейімделген немес стресс-менеджмент бағдарламасын игерудің тиімділігін бағалау және синтездеу және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлқының алдын-алу факторы ретінде күйзеліске төзімділікті дамыту. Созылмалы күйзелісті анықтауға арналған Лейпциг экспресс-тесті (К/ЛЖТ, авторлар: К.Решке, Г. Шредер А.Гарбердің бейімделуінде, 1/Карапетян, 6-кестені қараныз).						Педагогтар бейімделген немес стресс-менеджмент бағдарламасын игерудің тиімділігін бағалау және синтездеу және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлқының алдын-алу факторы ретінде стресске төзімділікті дамыту. Созылмалы күйзелісті анықтауға арналған Лейпциг экспресс-тесті (К/ЛЖТ, авторлар: К.Решке, Г.Шредер А.Гарбердің бейімделуінде, 1/Карапетян, 6-кестені қараныз).				
	БАҒДАРЛАМА НӘТИЖЕЛІЛІГІНІҢ БАРЛЫҚ ӨЛШЕМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ КӨРСЕТКІШІ						БАҒДАРЛАМА НӘТИЖЕЛІЛІГІНІҢ БАРЛЫҚ ӨЛШЕМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ КӨРСЕТКІШІ				
1	7	4	7	6	6	1	7	7	7	6	6,8
2	6	5	6	5	5,5	2	10	10	10	9	9,8
3	5	3	7	5	5	3	7	6	7	7	6,8
...	...	...	...	...	...	...	...	...	...	...	...
22	7	5	7	6	7	27	9	9	9	9	9
	111:22=5,04	117:22=5,3	123:22=5,6	117:22=5,3	116:22=5		226/4:27 = 8,4	232, 2:27 =8,6	234,9: 27 = 8,7	234,9:27 = 8,7	234,9:27 = 8,7
8-10 бал – жоғары деңгей; 5-7 баллов – орта деңгей; 4-тен төмен балл – төмен деңгей. Барлық әдістемелердің көрсеткіштері 10 балдық жүйеге теңестірілді											

«3» - деңгейдің салмақтық коэффициенттері. Осылайша, қалыптастырушы тәжірибенің басында және қалыптастырушы тәжірибенің соңында пәнді енгізу деңгейінің сандық өсуін көрсететін орташа мәнін анықтадық.

Қалыптастырушы тәжірибенің басында $Ом = (1 \cdot 0\% + 2 \cdot 72\% + 3 \cdot 28\%) : 100 = 2,28$.

Қалыптастырушы тәжірибе соңында $Ом = (1 \cdot 0\% + 2 \cdot 40\% + 3 \cdot 60\%) : 100 = (0 + 80 + 180) : 100 = 260 : 100 = 2,6$.

Әрі қарай тиімділік коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі (2):

$K = Ом \text{ (эксперименттің басы)} : Ом \text{ (эксперименттің соңы)}$ (2)

Тиімділік коэффициенті $= 2,28 : 2,6 = 0,83$. Тиімділік коэффициенті 1-ге жақын екенін атап өткен жөн, бұл айнымалылар арасындағы байланыстың жоғары деңгейіне сәйкес келеді және әлеуметтік педагогтарды мектеп оқушылары арасында суицидтің алдын-алу қызметіне дайындау процесінің тиімділігін көрсетеді.

Қорытынды

Әлеуметтік дамудың жағымсыз басымдылықтары мен құбылыстарын жеңу факторларының бірі - мектепте әлеуметтік-педагогикалық қызметті ұйымдастыру. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің объектісі – бұл оқушылардың қарым-қатынасы және оның барысындағы фактілердің өзгеруі. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің интегративті нәтижесі – педагогтар мен оқушылардың

жалпыадамзаттық құндылықтар тәжірибесін ұйымдастыру. Өйткені осындай тәжірибе мектеп оқушылары арасындағы суицидтің алдын алады. Зерттеу нәтижелерін енгізу барысында «6B01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандарын даярлау білім беру бағдарламасының мазмұнын «Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері» оқу пәндерін қосу арқылы жаңарттық [13]. Жұмыстың нәтижелері Нұр-Сұлтан қаласы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің білім орталығында тәжірибеден өткізілді.

Біздің әрқайсымыздың өмірімізде дағдарыстар болып тұрады, бір дағдарыс тез өтеді, екіншісі ұзақ уақытқа созылады (В.Франклдің «экзистенциалдық вакуумы»). Адам өміріндегі жеке дағдарыс бір нәрсені, өмірдің мағынасын, жалпыадамзаттық құндылықтарды жоғалтумен байланысты. Жасөспірім кезеңнен бастап кезкелген адам өмірдің мәні туралы ойлана бастайды. Осы жаста өзін-өзі тану процесі қарқынды жүреді.

Сондықтан да, әлеуметтік педагогтың міндеті – осы өтпелі кезеңде оқушыларды дағдарыстан аман-есен алып шығу. Осыған орай, *әлеуметтік-педагогикалық тәжірибенің негізгі мақсаты* – жас ұрпақтың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарға, әлеуметтік-адамгершілік мінез-құлық нормаларына және сыртқы әлеммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған рухани-адамгершілік, әлеуметтік-психологиялық білім мен дағдылардың жиынтығын қалыптастыру.

Әдебиет

1. Аутодеструктивное поведение детей: социально-педагогический мониторинг: научное издание. / Под редакцией д.п.н., профессора А.Н.Тесленко. Центр ювенологических исследований Института управления. – Астана: ЦНТИ, 2007. – 129 с.
2. Трунов Д.Г. Определение суицида: поиски критериев // Суицидология – 2016. – Т. 7. №1. - С. 64-67.
3. Дюркгейм Э. Самоубийство. Социологический этюд. -М.: «Мысль», 1994. -339 с.
4. Фарбер М.Л. Теория самоубийства. - Нью-Йорк: Испут &Wagnalls, 1968.
5. Амбрумова А.Г., Тихоненко В.А. Диагностика суицидального поведения: методические рекомендации. -М., 1980. - 55 с.
6. Психическое здоровье: новое понимание, новая надежда. Доклад о состоянии здравоохранения в мире. – ВОЗ, 2001. -243 с.

7. Мировая оздоровительная организация (2011). Причины смерти 2008: источники данных и методы. - URL: http://www.who.int/healthinfo/global_burden_disease/cod_200 (дата обращения: 14.07.21).
8. 10 Мифов о самоубийстве [Электронный ресурс]. – URL: [tp://tlc.howstuffworks.com/family/10-myths-about-teen-suicide4.htm](http://tlc.howstuffworks.com/family/10-myths-about-teen-suicide4.htm) (дата обращения: 14.07.21).
9. Амбрумова А.Г. Психология самоубийства // Социальная и клиническая психиатрия. - 1996. –Т. 6. - № 4. – С.14-20.
10. Леонтьев А.Н. Философия психологии. – М.: МГУ, 1994.
11. Гутман Д. Логотерапия для профессиональной помощи. Социальная работа, наполненная смыслом. - М., Издательство «Новый Акрополь», 2016. – 264 с.
12. Гарбер А., Карапетян Л., Решке К. Управляй стрессом с оптимизмом! Обучающая тренинговая программа по стрессменеджменту на основе современной поведенческой психологии и психотерапии. [Электронный ресурс]. URL: https://cuvillier.de/uploads/preview/public_file/12043/9783736972728-Leseprobe.pdf (дата обращения: 14.07.21).
13. Коломиец О.М., Ахметова А.И., Омарбекова А.И. Социально-педагогические основы профилактики суицидального поведения школьников»: Учебное пособие. -М.: Издательский дом «Развитие образования», 2020. -101 с.

References

1. Teslenko A.N. Autodestruktivnoe povedenie detei: sotcialno-pedagogicheskii monitoring [Autodestructive behavior of children: social and pedagogical monitoring: Scientific publication] Edited by Doctor of Pedagogical Sciences, Professor A.N.Teslenko. Center for Juvenile Studies of the Institute of Management (TSNTI Astana, 2007, 129 p.).
2. Trunov D.G. Opredelenie suicida_ poiski kriteriev [Determination of suicide: searches of criteria], Suicidologiya [Suicide-studying], 1, 64-67 (2016).
3. Dyurkgeim E. Samoubiistvo. Sociologicheskii etyud [Samoubiistvo. Sociologicheskii etyud] («Mysl'», Moscow, 1994, 339 p.).
4. Farber M.L. Theory of suicide [The theory of suicide] (Funk & Wagnalls, New York, 1968).
5. Ambrumova A.G., Tihonenko V.A. Diagnostika suicidal'nogo povedeniya: Metodicheskie rekomendacii [Diagnostics of suicidal behavior: Methodical recommendations] (Moscow, 1980, 55 p.).
6. Psihicheskoe zdorove: novoe ponimanie, novaya nadejda [Mental Health: New Understanding, New Hope], Doklad o sostoyanii zdavoohraneniya v mire [World health report, 2001, 243 p.).
7. Mirovaya ozdorovitel'naya organizaciya _2011. Prichini smerti 2008_ istochniki Dannih i metodi. [World Health Organisation. 2011. Causes of death 2008. Available at: http://www.who.int/healthinfo/global_burden_disease/cod_200 (Accessed: 14.07.21).
8. 10 myths About Teen Suicide [10 mifov o samoubiistve]. Available at: [tp://tlc.howstuffworks.com/family/10-myths-about-teen-suicide4.htm](http://tlc.howstuffworks.com/family/10-myths-about-teen-suicide4.htm) (Accessed: 14.07.21).
9. Ambrumova A.G. Psihologiya samoubiistva [Psychology of suicide], Social'naya i klinicheskaya psihiatriya [Social and clinical psychiatry]. 4, 14-20 (1996).
10. Leont'ev A.N. Filosofiya psihologii [Philosophy of Psychology] (MSU, Moscow, 1994).
11. Gutman D. Logoterapiya dlya professional'noj pomoshchi. Social'naya rabota, napolnennaya smyslom [Logoterapiya dlya professional'noj pomoshchi. Social'naya rabota, napolnennaya smyslom] (New Acropolis, Moscow, 2016, 264 p.).
12. Garber A, Karapetyan L., Reshke K. Upravlyaj stressom s optimizmom! Obuchayushchaya treningovaya programma po stressmenedzhmentu na osnove sovremennoj povedencheskoj psihologii i psihoterapii [Manage stress with optimism! Educational training program on stress management based on modern behavioral psychology and psychotherapy] Available at: https://cuvillier.de/uploads/preview/public_file/12043/9783736972728-Leseprobe.pdf (дата обращения: 14.07.21).
13. Kolomiec O.M., Ahmetova A.I., Omarbekova A.I. Social'no-pedagogicheskie osnovy profilaktiki suicidal'nogo povedeniya shkol'nikov: uchebnoe posobie [Socio-pedagogical foundations for the prevention of suicidal behavior in schoolchildren «: Textbook] (Publishing House «Development of education», Moscow, 2020).

А.И. Айберген¹, А.И. Ахметова², Ұ.Ш. Жамирова³, Е.Е. Омарбеков⁴, К.О. Оразбаева⁵

^{1,4}Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

³Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

⁴Кокшетауский государственный университет имени Ш.Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

Особенности социально-педагогической работы в профилактике суицидального поведения подростков

Аннотация. В статье представлено содержание работы по профилактике суицидального поведения школьников с помощью включения в образовательную программу 6B01801 – «Подготовка специалистов по социальной педагогике и самопознанию» дисциплины «Социально-педагогические основы профилактики суицидального поведения школьников». Результаты оценки эффективности работы позволили внести научный вклад в решение проблем социально-педагогической профилактики суицида в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру». Целью дисциплины является подготовка будущих социальных педагогов, владеющих системными знаниями и умениями по профилактике суицидального поведения личности, способных творчески и высокопрофессионально решать на современном научно-практическом уровне задачи, связанные с исследованием проблемы суицида среди школьников.

Ключевые слова: социальный педагог, суицид, стресс, психопатологический синдром, метапатология, потеря смысла жизни, суицидальное поведение, аутодеструктивное поведение, парасуицид.

A.I. Aibergen¹, A.I. Akhmetova², U.I. Zhamirova³, E.E. Omarbekov⁴, K.O. Orazbaeva⁵

^{1,4} L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

² Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³ M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

⁵ Sh.Ualikhanov Kokshetau State University

Features of socio-pedagogical work in the prevention of suicidal behavior of adolescents

Abstract. The article presents the content of work on the prevention of suicidal behavior of schoolchildren by including the discipline «Social and pedagogical foundations of prevention of suicidal behavior of schoolchildren» in the educational program 6B018 - «Training of specialists in social pedagogy and self-knowledge». The results of evaluating the effectiveness of the work made it possible to make a scientific contribution to solving the problems of social and pedagogical prevention of suicide within the framework of the state program «Rukhani zhagyr». The goal of the discipline is to train future social educators who have the systemic knowledge and skills to prevent suicidal behavior of a person, who can creatively and professionally solve tasks related to the study of the problem of suicide among the younger generation at the modern scientific and practical level.

Keywords: social educator, suicide, anxiety, resentment, anger, psychopathological syndrome, suicidal behavior, self-destructive behavior, parasuicide.

Авторлар туралы ақпарат:

Айберген А.И. – корреспондентия үшін автор, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ахметова А.И. – педагогика және психология институтының жетекші ғылыми қызметкері, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, Алматы, Қазақстан.

Жамирова У.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Төле би көш., 60, Тараз, Қазақстан.

Омарбеков Е.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, информатика кафедрасының доценті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Пушкин к-сі, 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Оразбаева К.О. – аға оқытушы, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Абай көшесі 76, Көкшетау, Қазақстан.

Aibergen A. I. – Corresponding author, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, L. N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Akhmetova A.I. – Ph.D., Leading Researcher at the Institute of Pedagogy and Psychology of the Abai Kazakh National University, Senior Lecturer, Department of Educational Programs in Preschool Education, Social Pedagogy and Self-knowledge, 13 Dostyk ave., Almaty, Kazakhstan.

Zhamirova U.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of Psychology and Pedagogy, M.H. Dulaty Taraz State University, 60 Tole bi str., Taraz, Kazakhstan.

Omarbekov E.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Informatics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Pushkin str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Orazbayeva K.O. – Ph.D., Sh.Ualikhanov Kokshetau State University, 76 Abay str., Kokshetau, Kazakhstan.